

6D070800 – «Мұнай-газ ісі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін ұсынылған

**Машрапова Молдир Абдумуслимовнаның**

«Арыстан кенорны мысалында өткізгіштігі біртекті емес көп қабатты  
кенорындарын игеру жүйесін жетілдіру» тақырыбындағы  
диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

### **ПІКІРІ**

Соңғы жылдары Қазақстан кенорындардың игерілмеген қорларының құрылымы нашарлап бара жатыр. Қорлардың көп бөлігі өткізгіштігі төмен қабаттар мен өндірілуі қиын көпқабатты кенорындарында орналасқан. Мұнай қабаттарындағы жыныстардың коллекторлық қасиеттері біркелкі болмауына байланысты, мұнайдың өткізгіштігі әртүрлі қабаттардан фильтрациялануы біртекті болмағандықтан оларды игеру кезінде қиындықтар туындауы мүмкін. Қолданыстағы көптеген технологияларға, қабат қысымын ұстап тұру, қабаттың мұнай бергіштігін арттыру және әртүрлі тампонажды гель мен шөгінді тудыратын материалдарды пайдалана отырып ұңғыма түбіне судың келуін тоқтату әдістеріне карамастан, өндіруші ұңғылардың сулануы мен дебитінің төмен болу мәселесі әлі де өзекті болып табылады. Бұл қабаттың мұнай бергіштігі мен өндіруші ұңғылардың кенжар аймағына мұнайдың келуін интенсификациялауға әсер ететін негізгі факторлардың жеткілікті жағдайда зерттелмегендігінен туындайды.

М.А.Машрапованың диссертациялық жұмысында қолданбалы зерттеулер бойынша өзекті тақырып қарастырылған, яғни қазіргі таңда игеріліп жатқан кенорындарындағы қабаттардың мұнай бергіштігін арттыру мұнай саласындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Диссертацияның ғылыми жаңалығының принципі көпқабатты кенорындарындағы өткізгіштігі төмен қабаттарды таңдай отырып, мұнайдың қайнағыштығы жоғары фракциясын жару сұйықтығы ретінде қолданып қабатты гидравликалық жаруды жүргізу және де проппанттың орнына кешенді қышқылды өңдеуді қолдану болып табылады. Гидравликалық жарудың бұл технологиялық әдісі қабаттың мұнай бергіштігін арттыруда нақты нәтиже береді.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері қор материалдарын өңдеу және әдебиет көздеріне шолу және зертханалық зерттеулердің нәтижелері, атап айтқанда, алмас бұрғылауға арналған зертханалық машина, сұйықтың және газдың өткізгіштігін анықтауға арналған қондырғылар, мұнайдың

тұтқырлығын анықтауға арналған қондырғылар бойынша алынған. Арыстан кенорнының геологиялық құрылымының 3D моделі жасалынған. Бұл кенорнындағы мұнай шоғырларының нақты орналасуын визуалды түрде көруге мүмкіндік береді.

Машрапова Молдирдің зерттеу жұмысының орындалу барысында отандық және халықаралық ғылыми басылымдарда жалпы 10 мақала басылып шыққан. Оның ішінде 3 мақала Scopus деректер қорына кіретін Q3 журналдарында, ҚР БҒСҚК журналдарында 4 мақала және халықаралық ғылыми практикалық конференцияларда 3 мақала шықты.

Диссертант Машрапова Молдирдің диссертациялық жұмысы негізінен, ғылыми зерттеулері толығымен аяқталған, мақсаты мен міндеттері толықтай шешілген жұмыс болып табылады. Автордың зерттеу барысында алынған нәтижелері болашақта геологиялық құрылысы күрделі кенорындарының ұңғылардың өнімділігін арттыруда өз үлесін қосуы мүмкін.

Жоғарыда айтылғандардан бөлек, «Арыстан кенорны мысалында өткізгіштігі біртекті емес көп қабатты кенорындарын игеру жүйесін жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жеке жұмысы Қазақстан Республикасы үкіметінің заңнамасында көрсетілген ғылыми дәрежені алу туралы қағидаларына толықтай сәйкес келеді, ал оның авторы Машрапова Молдир Абдумуслимовна - 6D070800 – «Мұнай-газ ісі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) академиялық дәрежесін иеленуге толықтай лайықты деп санаймын.

Ғылыми кеңесші:

Техника ғылымдарының докторы,  
«Мұнай инженериясы»  
кафедрасының профессоры



Абделі Дайрабай Жүмәділұлы